


# ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

## январь-апрель 2023 г.

  
**73,5**  
МЛРД ТГ



  
**134,9%**  
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь



**ЭКСПОРТ**




**РЫНОК**



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-март 2023 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ**

## 2023 ж. қаңтар-сәуірдегі жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтар-сәуірде 73,5 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезеңнен **43,3% жоғары**. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады: текстиль бұйымдары өндірісінде (+61,2%), киім өндірісінде (+22,2%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+26,1%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2022 жылғы қаңтар-сәуірде 2023 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда **134,9%** құрады. ИФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде (**155,4%**), киім өндірісінде (**108,2%**), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (**102,4%**) байқалады.

**Текстиль өнімі өндірісінде (+55,4%)**: ең жоғары өсу төмендегі тауарлар бойынша: синтетикалық штапель, кардо-, таралған немесе өзге тәсілмен өңделген талшықтар *3,3 есе*, жіп және тігін, мақта жіптері *3 есе*, төсек орын жабдығы *2,9 есе*, киімнен басқа тоқылмаған материалдар және изделия тоқылмаған материалдан жасалған бұйымдар *2,8 есе*, түкті маталар және басқа да арнайы маталар *2,6 есе* және т.б.

**Киім өндірісінде (+8,2%)**: осы сектордың төмендегі тауарларында ең жоғары өсу байқалады: әйелдерге немесе қыз балаларға арналған трикотаждан басқа іш киімдер *98,6%*, костюмдер, жакеттер, көйлектер, юбкалар, юбка-шалбарлар, шалбарлар, трикотаж комбинезондар, шорты *91,7%*, трикотаж колготкилер *67,3%*, ерлерге немесе ұл балаларға арналған костюмдер, пиджактар, шалбарлар, комбинезондар, бриджи және шорты *62,6%* және т.б.

**Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+2,4%)**: ең жоғары өсу төмендегі тауарларда: тұмсықты қорғайтын металл қалпақшасы бар аяқ киімді қоспағанда, резеңкеден немесе полимер материалдардан жасалған табаны мен үстіңгі жағы бар су өткізбейтін аяқ киім *+77,1%*, су өткізбейтін немесе спорттық аяқ киімдерден басқа, табаны және үстіңгі жағы резеңке немесе пластик материалдардан жасалған аяқ киім *+72,2%*, қойдың, ешкінің немесе шошқаның терісі *+40,6%*, шаңғы бәтеңкелері мен конькилерден басқа басқа спорттық аяқ киімдер *+38,3%*, спорттық, қорғаныс және ортопедиялық аяқ киімнен басқа аяқ киім *+28,8%*, ірі қара мал терісінен былғары *+21%* және т.б.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-наурызда 23 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңнен **24,7% жоғары**.

Экспорт жеткізулердің өсуі былғары және оған жататын өнімдер өндірісінде *2,3 есе*, киім өндірісінде *2,3 есе* байқалады. Экспорт жеткізулердің *19%* қысқаруы текстиль өнімі тауарларында болды. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Қытай, Франция.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-наурызда 914,4 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда *2,6 есе* жоғары.

Тауарлар импорты тұтынушылық белсенділік пен кейінге қалдырылған ішкі сұраныстың қалпына келу аясында өсуде. Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық салаларында байқалады: текстиль бұйымдары (+ 2 есе), киім (+ 3,3 есе), былғары және оған жататын өнім (+ 2 есе). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2023 жылғы қаңтар-наурызда **ҚР жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі 1 013,5 млн долл. АҚШ (461,3 млрд теңге)** құрады, онда, ОТӨ үлесі 12%, импорт өнім үлесі – 88%.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Түркістан обласы, Шымкент қ., Алматы қ. және Ақмола облысы. Жеңіл өнеркәсіп үлесі Түркістан облысында республиканың жалпы өндіріс көлемінің 25% құрайды. Шымкент қ.– 16,3%, Алматы қ. – 8,5% және Ақмола облысында – 5,6%.